

АӘИУ аруы-2018

2018 жылдың наурыз айының 6 жұлдызында Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің Терешкова көшесіндегі ғимаратында орналасқан «Жаратылыстану» және «Филология және құқық» факультеттерінің жоспары бойынша Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын насихаттау мақсатында университетіміздің студент қыздары арасында «АӘИУ аруы 2018» байқауы өткізілді.

Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» концепциясы аясында өткен «АӘИУ аруы 2018» байқауын Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті Құрылтайшылар Кеңесінің мүшесі Файзулла Төрежанқажыұлы Жүнісов және ректордың тәрбие ісі жөніндегі проректоры Әлімбаев Медеу мырза мен ректор кеңесшісі Смайлов Айтжан ағайлар ең алдымен қыз келіншектерді мерекемен құттықтап, қатысушы қыздарға табыс тілеп, қазылар алқасын әділ болуға шақырды.

Байқауға қатысқан 10 қыз бес бағыт бойынша өз өнерлерін көрсетті.

Біздің байқауымыз 4 негізгі кезеңнен және «Үй тапсырмасы» 3 бөлімнен тұрды.

1-ші кезең «Мен қазақтың қызымын» *(қатысушылар өзін-өзі таныстырады. Аруларымыздың тіл көркемдігі, сырт сымбаты, жүріс-тұрысы сынға түседі)*

2-ші кезең «Зерделінің ойы озық» *(сұрақ алу арқылы жауап береді)*

3-ші кезең «Өнерлі өрге жүзер» *(ән айтып, би билеп, т.б. өнерлерін көрсетеді)*

4-ші кезең Үй тапсырмасы 3 бөлімнен тұрады:

1-ші бөлімі- «Қыздарға әсемдік жарасады» *(өз қолымен жасаған киім үлгісін киіп, сән көрсету)*

2-ші бөлімі- «Қыз еркем-кестесімен көркем» *(өз қолымен кестелеген қолөнерін немесе еркін тақырыпта жасаған бұйымын көрсету)*

3-ші бөлімі- «Бес аспап» *(жеміс-жидектерден жасалған салатты әділ қазыларға ұсыну)*

Сайысқа төмендегі 10 қыз қатысты:

1 номерлі қызымыз Қайсар Аружан

2 номерлі қызымыз Бегімхан Алтынай

3 номерлі қызымыз Айнабекова Сымбат

4 номерлі қызымыз Әбіл Гулнара

5 номерлі қызымыз Өтембай Тұрсынай

6 номерлі қызымыз Садикова Жанар

7 номерлі қызымыз Сейдуллаева Айдана

8 номерлі қызымыз Оразбай Гулназ

9 номерлі қызымыз Құрвантайқызы Арайлым

10 номерлі қызымыз Мусаева Диана

Сайысқа қатысқан қыздардың байқауға мұқият дайындалғандығы мен тақырыпқа креативті жандасқанымен мұңдалап тұрды. Сайысты тамашалаған ұстаздар мен көрермендер қыздардың өнеріне дән риза болды. Әділқазылар арулардың өнері мен тіл көркемділігін басты назарға алды. Гүлнәз Оразбай осымен үшінші рет қыз сынының дүбірін қыздырды. Бұрымды мектеп қабырғасында да байқаулардан қалыс қалмай, жүлделі болған. Бұл жолы да 1-ші орыннан үмітті. Сындарлы сәтте сенімді серік етіп, биік белестерді бағындырғысы келеді. Айта кетейік, аталған университет студенттерінің 80 пайызы - пайымды пікірі бар бұрымдылар. Олардың ой-өрісін дамытып, дәстүрді дәріптеуге бейімдеу - ұстаздарға жүктелген маңызды міндет.

Әділ қазылардың шешіміне орай бас жүлдені мың бұралған биші Қайсар Аружан алса, бірінші орынды Өтембай Тұрсынай иеленді. Ал екінші орынды ұпай сандары бірдей 2қызға берілді. Олар Сейдуллаева Айдана және Бегімхан Алтынай болды. Үшінші орынды Қурвантайқызы Арайлым иеленді. Биші қызымыз Айнабекова Сымбат «Сүйкімді ару-2018» номинациясымен ал Садыкова Жанар «Сымбатты ару-2018», биші Мусаева Диана «Сәнді ару», Оразбай Гүлназ «Білімді ару-2018», Әбіл Гулнара «Өнерлі ару-2018» деген номинациялармен марапатталды. «АӘИУ аруы-2018» байқауын дайындауда «Жаратылыстану» факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты Гульбахрам Бейсенова, және университетіміздің Жас ғылымдар Кеңесінің төрайымы Азиза Исакова мен «Филология және құқық» факультетінің декан орынбасары Айгерім Халыкбердиева ханымдар, сондай-ақ тиісті кафедралар басшылары мен оқытушылары аянбай атсалысты.

Назарларыңызға Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын насихаттауда «АӘИУ аруы-2018» байқауынан дайындалған фоторепортажды ұсынамыз.





